

Гүлдана Мұхтарбекқызы

ЕРАСЫЛ

Әңгіме



Астана-кітап

ӘӨЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)
М86

Гүлдана Мұхтарбек

М86 **Ерасыл: Әңгіме.** /Гүлдана Мұхтарбек : - Алматы:
Астана-кітап, 2024. - 106 б.

Ерасыл осы жазда өзіне Шри-Ланка аралын ашып,
естен кетпес лагерде жүр. Алайда Элла қалашығына
келгенде күтпеген жағдайға тап болады. Автобус
апатына ұшыраған бір топ турист балалар ауруханаға
түседі. Енді олар елге қайта ала ма? Бұл сапар
Ерасылдың өмірін қалай өзгертті?

ISBN 978-601-7595-97-5

ӘӨЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-97-5

©Астана-кітап, 2024

EPACBIA



ТАҮДА

– ГҮҮРРРР!

Кенет таудан гүрілдеген қатты дауыс естілді. Тауды үңгіп жасаған тар жолмен келе жатқан біздің автобус шайқалып барып, тоқтай қалды. Жаңғырыққан дауыстан пайда болған мазасыздық автобус ішін толықтай жайлап алды. Артқы жақта отырған бірнеше адам жүргізушіге бара жатыр еді, қатты тербеліс оңы мен солын ажырата алмаған балаша шайқалақтатып жіберді.

– Is it an earthquake? ¹

– Will we crash? Be careful! ²



— Алдыңғы қатарда отырған екі ағылшын саяхатшы бала бір-біріне үрейлене қарады. Көздері алақтап, бірде сыртқа, бірде автобустың жүргізушісі жергілікті тамил азаматқа қарай берді.

Автобус іші толған шетелдік турист балалар. Шамамен саны 40-50 ден асады. Әркім өз тілінде бірдеме айтып, гүрілдеп, шу көтеруде.

Болып жатқанды санам қабылдай алмай, жүрегім айныды. Автобустағы адамдар мен орындықтар көз алдымда ирелеңдеп, дүние шыр көбелек айналғандай күй кештім.

Артқы орында отырған Мейіржан ағай бізге келіп:



— Қалайсыздар? Аздаған жер сілкінісі басталған сияқты. Тек сабыр сақтаңыздар... Қазір басылып қалар..,— деп бізді тыныштандырғысы келді. Бірақ өзі де қорқып тұрғандай сезілді. Жолаушылар дабырлап кетті.

¹ Бұл жер сілкінісі ме?

² Біз соғыламыз ба? Абай бол!

– Ағай, біз таудан шыға аламыз ба? Жер сілкініп жатыр ма? – деп, топтың балалары шулай бастады.

Нариман атты көзілдірік киген аққұба бала басын төмен түсіріп, екі алақанымен бетін жауып, көзін тарс жұмып алыпты. Аузы жыбырлап, бірдемені күбірлеп айтып отыр.

Көк шашты сары қыз Айару ұялы телефонын шығарып, қысқа репортаж жасауға көшті:

“Дабыл, дабыл! Шри-Ланка аралында жерсілкінісі басталды... бұл менің соңғы рет видео түсірген мезетім болуы мүмкін! Бұл жер өте қауіпті, біз мінген автобус таудың ортасында қалды... ”, – деп жағдайды қысқаша баяндап, айналасын видеоға түсіріп әлек.

